

ӨНЕРКӘСІПТІК ҒИМАРАТТАРДЫҢ ТИПТЕРІ



1. Бір қабатты өнеркәсіптік ғимараттар;
2. Көп қабатты өнеркәсіптік ғимараттар;
3. Қосалқы көмекші ғимараттар және химиялық кәсіпорын жәйлары;
4. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоймалары.

1. Бір қабатты өнеркәсіптік ғимараттар.

Химиялық өнеркәсіпте бір қабатты өнеркәсіптік ғимараттардағы технологиялық үдерістер горизонтальді жүретін өндірістер үшін салынады.

Мысалы: синтетикалық және жасанды талшықтар алу; шина және резинатехникалық бұйымдар; пластикалық масса; хлорлық өндірістердегі электролиз цехтері; жөндеуден өткізу және механикалық цехтер; қоймалық жәйлар т.с.с. Әртүрлі өндірістердің әкімшілік-шаруашылық қызмет көрсету ғимараттарын ошақтау мен кооперацисалау қажет.

Ондай шаралар әкімшілік-қоғамдық орталықтардың жер телімдерін үнемдеуге және жұмысшы қызметкерлерге қызмет көрсету жүйесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

2. Көп қабатты өнеркәсіптік ғимараттар

Химия өндірісінің технологиялық процесі вертикальді болып келетін түрлерін орналастыруда тек көп қабатты ғимараттар ғана қолданылады. Мысалы: аммиакты селитра өндірісі; органикалық синтез өндірісі; химиялық талшықтар өндірісінің цехтары; пластикалық масса, органикалық еріткіштер, бояулар мен қышқылдар өндірістері.

Шатырларының түсіретін салмағына байланысты колонналарының торларының өлшемдері 9×6 м (1000 кг/м^2), ал 6×6 м (2500 кг/м^2). Көп қабатты өнеркәсіптік ғимараттардың биіктіктері ретінде қабаттың еденінің деңгейінен биік жақта орналасақан келесі қабаттың еденінің беткі деңгейіне дейінгі аралық алынады (3.6; 4.8; 6.0; 7.2 және 10.8).

Химия өндірісінің көп қабатты ғимараттары: крансыз және көпірлі кранды немесе аспалы кранды болады. Жоғарғы қабаттардағы өткелдері 18 және 24 м. Жалпы химия өндірісінің көп қабатты ғимараттары үшін олардың ендері (жалпақтықтары) 18 метрден кем болмағаны дұрыс болады. Жарылыс қауіп тілігі жоғары өндірістер үшін екі жағынан біркелкі әйнектелінген жағдайда 30 метрден артық болмауы тиіс, ал бір жағынан ғана терезеленілсе 18 метр болуы шарт.

3. Қосалқы көмекші ғимараттар

Қосалқы көмекші ғимараттар мен химиялық кәсіпорындардың жәйлары (помещениялары)

тіршілік, сауықтыру және мәдени демалу мәселелерімен тікелей байланысты, яғни әлеуметтік немесе мәдени-сауықтыру нысандары (санитарлық-гигиеналық, тамақтандыру, денсаулық сақтау пункті, мед пункт, демалдыру ғимараттары, клубтық және спорт ғимараттары және т.б.).

Гардеробтар, душтар, жуыну орындары.

Кептіргіштер, залалсыздандыру камералары, киімді тозаңсыздандыру камералары және т.с.с. анилин, қорғасын, сынап, мырыш, фосфор, радиоактивті және т.б. заттармен жұмыс істелінетін, яғни зияндылығы өте жоғары өндірістерде гардеробныйлар мен душтар өткізгіштер (пропускниктер) түрінде жобаланады.

4. Өндірістік кәсіпорын қоймаларының негізгі түрлері.

Қоймалар ғимараттар мен өнеркәсіпті кәсіпорындардың ерекшеліктеріне байланысты ашық немесе шатырланған; жабық (бірқабатты немесе көпқабатты) сонымен қоса арнайы жабдықталған болып бөлінеді.

Қойманың территориясының алаңы:

- 1. жүктер орналастырылған негізгі алаң (қатарланып орналастырылған материалдардың штабелдері мен стеллаждар);**
- 2. Оперативтік аудан (өткелдер, яғни проход, сортировочный және қабылдап тармақтап таратқыш алаң, яғни өлшеу құрылғылары орналастырылған және қызмет көрсету жайлары орналастырылған).**
- 3. Конструктивтік алаң**